

**Түркістан облысы Түркістан қаласы «Керемет» бастауыш мектеп-  
балабақша кешені» ЖШС бойынша**

кезектен тыс педагогикалық кеңестің № 5 хаттамасы

02.04.2022 жыл

барлығы -42

қатысқаны -42

Күн тәртібінде:

1. Мектепшілік өзіндік бағалауды ұйымдастыру және өткізу

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Қуатбекова Р.Т. – педагогикалық кеңес төрайымы, білім беру ұйымының басшысы:

- "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі - Заң), "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 ж 2 ақпандағы 124 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығын басшылыққа аламыз. Мектептің өзіндік бағалауы аяқталғаннан кейін педагогикалық кеңесте қорғалады.

Өзін-өзі аттестаттауды өткізу үшін құрылған мектепшілік комиссиямен және комиссия мүшелеі іне бөлініп берілген міндеттерімен таныстырды:

1. Аттестаттау комиссиясының төрайымы: мектеп директоры – Р.Т. Қуатбекова - ұйымға толық сипаттама, білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
2. Комиссия төрайымының орынбасары – Бимурзаева А. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: оқытушылық және оқыту, білікті қызметкердің болуы, қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау.
3. Л.Сейдуалиева - кәсіподақ комитетінің төрайымы: білікті қызметкердің болуы, педагогикалық жүктемелер;
4. Әленова М. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: оқытушылық және оқыту, қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау
5. М.Нұрманова.– мектеп кітапханашысы: кітапхана жұмысы, кітапханалық қорды тексеріп, аналитикалық сараптама жасау.
6. Н.Берік. - психолог: психологиялық қызмет, қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау, сауалнама қорытындысы;
7. Т.Т. Рысалиева– шаруашылық ісінің меңгерушісі: білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық - техникалық база туралы сараптама жасайды. Комиссия мүшелері өздеріне

бөлініп берілген міндеттерін бұлжытпай мұқият орындап, сараптама жасау керек екенін қатаң ескертті.

А.Бимурзаева директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары СӨЙЛЕДІ:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 ж 2 ақпандағы 124 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығын толық таныстырып өтейін. (Нормативтік құқықтық құжат толық таныстырылды).

Мемлекеттік аттестаттау Білім туралы Заңға сәйкес 5 жылда бір рет өткізіледі. Нормативтік құжаттармен толық таныстыңыздар. Енді дайындық жұмыстарын жүргізуіміз керек. Құрылған комиссия мүшелері тексеру жұмыстарын сапалы жүргізіп, өзін - өзі бағалау ұйымдастыру және өткізу әдістемелік ұсыным негізінде толық өзін - өзі бағалау жасауымыз керек. Барлықтарыңыздың жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

Л.Сейдуалиева - кәсіподақ комитетінің төрайымы:

- Мектепшілік өзіндік бағалауды ұйымдастыру және өткізу үшін таныстырылған нормативтік құжаттар негізінде жасалған жұмыстарды нақты жүйелеп, сараптамасын дайындаймыз. Әр істі жауапкершілікпен орындаймыз. Барлықтарыңызға сәттілік.

Жарыссөзге шыққан басқа да комиссия мүшелері мен қатысушылар өздеріне берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындайтындарын айтып, істеріне сәттілік тіледі.

Педагогикалық кеңесті қорытындылай келе, төмендегідей ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.Мектепшілік өзін - өзі бағалауын өткізу 2022 жылдың 04 сәуір мен 31 сәуір аралығында өткізілсін.

2.Мектепшілік аттестаттауды өткізу үшін комиссия құрылып, төмендегідей міндеттер бөлініп берілсін:

2.1. Аттестаттау комиссиясының төрайымы: мектеп директоры – Р.Т. Куатбекова - ұйымға толық сипаттама, білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;

2.2. Комиссия төрайымының орынбасары – А.Бимурзаева – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: оқытушылық және оқыту, білікті қызметкердің болуы, қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;

2.3. Л.Сейдуалиева - кәсіподақ комитетінің төрайымы: білікті қызметкердің болуы, педагогикалық жүктемелер;

2.4. М.Әленова. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: оқытушылық және оқыту, қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау, кітапхана қоры жөнінде;

- 2.5. Э.Турегельдиева – балабақша меңгерушісі, мектепке дейінгі тәрбиеленушілер жөнінде, оқытушылық және оқыту, қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 2.6. Н.Берік - психолог: психологиялық қызмет, қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау, сауалнама қорытындысы;
- 2.7. Т.Т. Рысалиева – шаруашылық ісінің меңгерушісі: білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық - техникалық база туралы толық мәлімет дайындасын.
3. Мектептің қамқоршылық кеңесі ұйымдастырылып, қамқоршылық отырысында өзіндік бағалау қорытындысы туралы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының есебі тыңдалсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Т. Куатбекова

Г. Орынбаева